



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА «109» БІРЫҢҒАЙ ЖЕЛІСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысында халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында «109» бірыңғай желісі іске қосылды. Енді жарық, жылу, су, газ, жалпы тұрғын-үй коммуналдық жүйесіндегі ақау мен апаттық жағдайларда мекеме аралап, өре сарсаңға түсудің қажеті жоқ. Байланыс орталығына ұялы және қалалық телефоннан қоңырау шалуға болады.

Атап өтерлігі, «109» қызметі бұрын тек Түркістан мен Кентау қалаларында болған. Енді бұл жүйе бүкіл облысты қамтитын болады. Бүгінде облыс көлемі бойынша 3 628-ден астам өтініш қабылданып, оның 90%-дан көбі шешімін тапқан.

Жоба облыс және қала әкімдігінің қолдауымен «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде іске асуда. 109 - байланыс орталығының Instagram (@turk.obl_109), whatsapp (87011313109), facebook (байланыс орталық) парақшалары және «aikey-109» қосымшасы арқылы өтінімдерді қабылдауға дайын.

«Айғақ»-ақпарат.

ЕҚДБ ШЫМКЕНТТІК КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫ ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов Еуропа қайта құру және даму банкінің Орталық Азия бойынша басқарушы директоры Харгитай Жужаннамен кездесу өткізді.

Қазақстан Республикасы Еуропа қайта құру және даму банкімен 1992 жылы байланыс орнатып, мүшелікке өтті. Бұл байланыс стратегиясы бірінші кезеңде техникалық ынтымақтастық арқылы ұйымдастыру және кадрлар даярлау жұмыстарын жүргізу болса, екінші кезеңде қаржы секторына, ауыл шаруашылығы, энергетика, тау-кен өнеркәсібі және көлік салаларын инвестицияландыру қамтылды. Осыған орай Қазақстанда көптеген жобалар іске асырылуда.

Кездесуде Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшу шеңберінде Шымкент қаласын дамыту, Қазақстанның «Жасыл қалалар» бағдарламасын енгізу және дамыту арқылы 2060 жылға қарай Париж келісімінің мақсаттарына және көміртегі бейтараптығына қол жеткізуі, ЕҚДБ-ның Қазақстандағы энергетика, көлік



және коммуналдық инфрақұрылым және жасыл экономика саласындағы көрсеткіштері жайлы сөз қозғалды. Сондай-ақ, Шымкент қаласы мен ЕҚДБ арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі басымдықтары талқыланды.

ЕҚДБ тарапынан Шымкент қаласында шағын және орта бизнес өкілдеріне қолдау білдіру жұмыстарының жалғасын табатындығы жеткізілді.

Кездесу барысында қала әкімі ынтымақтастықты нығайтуға ниетті ЕҚДБ өкілдеріне алғысын білдіріп, тараптар

өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Айта кетейік, 30 жылдан бері ынтымақтастық орнатып келе жатқан Банкімен ағымдағы жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталмыш банктің президенті Одиль Рено-Бассомен бейнебайланыс режимінде кездесу өткізген болатын.

Кездесу барысында транзит тасымал, экономиканы декарбонизациялау, қаржы секторы салаларындағы бір-қатар инвестициялық жобаны Қазақстанда жүзеге асыру

бағыттары талқыланды.

Одиль Рено-Бассо Қ.Тоқаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан реформаларды, 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Еуропалық қайта құру және даму банкі басшысы Қазақстанның көміртегіне бейтараптыққа қол жеткізу жөнінде мәлімдеген мақсаттары аясындағы ынтымақтастықты дамытуға дайын екенін нақтылады.

КЕНТАУДЫ ГАЗДАНДЫРУДА ТҮРКІСТАН ТӘСІЛІ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Кентау қаласын табиғи газбен қамту жұмыстары Түркістан қаласын газдандыру тәсілімен жүзеге асатын болады. Осы мақсатта арнайы жұмыс тобы құрылmaq. Жыл соңына дейін шаһарды 30 пайыз газбен қамту жоспарланған. Облыс әкімі мірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен апталық аппарат отырысында Кентау әкімі рашид Аюпов Кентаудағы өзекті мәселелері туралы баяндады.

Ауыз су және көріз жүйесімен, жылумен қамтамасыз ету мәселелері де күн тәртібінде тұр. Кентау қаласындағы ауыз су құбырының жалпы ұзындығы - 469 шақырым. Көріз жүйесі - 100 шақырымға жуық. Мәжілісте тозығы жеткен құбырларды ауыстыру мәселесі талқыланды. Көп қабатты үйлердің аулаларын абаттандыру, яғни балалар ойын алаңшалары мен спорт алаңшаларын орнату мәселесі де ортаға салынды.

Қазіргі уақытта Кентау қаласының жер асты суларының деңгейін төмендету мақсатында «Кеңсай-Қосқорған» су қоймасын одан әрі толықтыра отырып, Кентау қаласында су төмендету жүйесін салу бойынша ІІ кезеңнен тұратын жобасын іске асыру жұмыстары жүргізілуде. Қаланы су басудың алдын алу бойынша жобалаудың екінші кезеңі төрт дербес жұмыс жобасын қамтиды.

Ауқымды жоба аясында Мырғалымсай кен орнының жер асты суларының қазбаларына сүзілу және құламаудың алдын алу үшін «Кеңсай-Қосқорған» су қоймасына тасқын суларды бұру үшін Хантағы өзенінде су торабы салынады. Сондай-ақ арық жүйесін қалпына келтіру арқылы Кентау қаласындағы микроклиматты ұстап тұру үшін суды төмендету жүйесінің суы ішінара пайдаланылады. Қосымша Кентау және Түркістан қалалары аймақтарын суармалы сумен қамтамасыз ету қарастырылған.

Күні кеше Шымкент қаласы мәслихатының кезектен тыс он тоғызыншы сессиясы өтті. Онда күн тәртібіне сәйкес, қала бюджетіне өзгерістер енгізу; бесінші ауданға атау беру мәселесі қаралды.

Шымкент қаласындағы бесінші ауданға атау беру туралы қала әкімі аппаратының басшысы Г. Мауленкулов баяндады. Ол қоғамдық тыңдау өткізіліп, жаңа ауданға «Алаш», «Жібек жолы», «Тұран», «Бадам», «Мәртөбе», «Яссы», «Құрлық» атаулары мен Ш.Қалдаяқов, А.Асқаров, Ж.Тәшенов есімдерін беру бойынша ұсыныс пікірлер түскенін, көпшілік «Тұран» атауын қолдағанын, одан бөлек жергілікті қоғамдастық өкілдері, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық ұйымдардың ұсынымдары да ескерілгенін атап өтті. Нәтижесінде сессия отырысында ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына «Тұран» атауын беру бойынша ұсынысты халық қалаулылары бір ауыздан қолдады.

Сессияда маңызды тарихи шешім қабылданғанын айтқан қала әкімі бесінші аудан құру — уақыт талабы екенін жеткізді.

Қаламызда халық саны жыл сайын артып, демографиялық өсім жоғарылап келеді. Сондықтан қала тұрғындары үшін қолайлы орта қалыптастырып, басқару деңгейін және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруымыз қажет. Қаладағы аудандардың шекараларын бөлу қаланың Бас жоспары негізінде әзірленді. Сонымен қатар, 2022 жылға арналған қала бюджет нақтыланды.

БЕСІНШІ АУДАНЫҢ АТАУЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



Қосымша қаржы құрылыс жұмыстарын аяқтауға, қаланың инженерлік-инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болды, - деп сөзін қорытындылады М.Әйтенов.

Жаңадан құрылатын ауданның аумағы 36,3 мың га (қала аумағының 32%), халық саны — 220,7 мың адамды құрайды. Қаланың Бас жоспарына сәйкес аудан аумағында, 2035 жылға дейін 1 175 гектарға 2 325 мың шаршы метр жаңа көпқабатты тұрғын үй құрылысын салу жоспарлануда.

Салтанат РҮСТЕМБЕК.

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ – МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЛШЕМІ

Қала тазалығы — мәдениеттің өлшемі. Шаһар көшелерінің тазалығы, жол жиектерінің жасыл желекпен көмкерілуі, абаттандырылуы тұрғындардың барлығы үшін маңызды.

Қала әкімі Мұрат Әйтенов аудан әкімдері мен коммуналдық қызмет көрсетуші мекеме басшыларымен жиналыс өткізді. Онда қаланың санитарлық-тазалық сақтау мәселесі көтерілді. Шаһар басшысы аудандарда санитарлық-тазалық сақтау, көгалдандыру, шөп ору жұмыстары төмен деңгейде жүргізіліп жатқанын айтып, жұмысына жауапсыздық танытқан бірқатар басшыларға ескерту жасады.

- Тазалық жүргізілетін мердігерлер анықталып, жұмысын бастағанына 3 айға жуықтағанымен, тұрғындар тарапынан шағымдар саны азаймауда. Әлеуметтік желіде ай сайын сыни материалдар жариялануда. Оның басты себебі мердігер мекемелерде бүгінде қажетті ресурстар мен жұмыс күші толығымен жетіспеуде. Жұмыспен қамту орталығында 10 мыңнан аса жұмыссыз тіркеуде тұр. Бос жұмыс орындарын жасырмай, соларды жұмысқа тарту керек. Аудан әкімдері тазалықпен айналысатын мердігер мекемелердің жұмысын үйлестіру, қызметін қадағалау, бақылау шараларын жүйелі жолға қоймаған. Әкімдердің жұмысы шашылған қоқыс қалдықтарын мердігер компанияға хабарлап, жинатумен гана

шектелуде. Барлығыңыздан нәтижелі жұмыс көрсетулеріңізді талап етемін, - деді отырыс төрағасы.

Аудан әкімдері тазалық жұмыстары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, өзекті мәселелерді ортаға салды.

Шаһар басшысы жиналыс қорытындысында - кемшіліктерді ретке келтіріп, тазалық сақтау жұмыстарын жүйелендіруді; қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарумен айналысатын мердігерлердің жұмысын арнайы бақылауға алуды; аудандағы кәсіпкерлік субъектілеріне арнайы мекемелермен келісім-шартқа түру арқылы аумағындағы қоқыстарды тазалау, уақытылы шығаруды ұйымдастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді; тұрғындарға тазалық этикасын барынша түсіндіруді тапсырды.

- Жалпы, қаламыздың көркі мен келбетіне немқұрайлы қарамайтын тұрғындар сенбілік кездері, әрі күнделікті тазалықты сақтауда бір кісідей атсалысуы тиіс. йткені тазалық пен шаһарымыздың өдемілігі бәріміз үшін маңызды. Бұдан бөлек айтарым – тұрғындар құр науқаншылыққа бой алдырмауы керек. Яғни әрқайсысымыздың қаламыздың көшелерінің қоқыс пен қалдықтардан ада болуына сенбіліктер кезінде гана емес, күнделікті назар аударып, көңіл бөліп отырғанымыз жөн. Бұл – біздің қала халқына ортақ қағида болғаны жөн.

Бұл туралы Шымкент қаласы Тұрғын үй басқармасының басшысы Жанат Утебаева Ақпараттық-коммуникациялық оталығында өткен баспасөз брифингінде айтты.

Шымкент қаласында биыл тұрғын үй сертификаты үшін жергілікті бюджеттен 500 млн теңге қаржы қаралып отыр.

Тұрғын үй сертификаты «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында несие негізінде «2-10-20», «5-10-20» бағыттары шеңберінде тұрғын үйді сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін азаматтарға берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны.

Тұрғын үй сертификатының сомасы әрбір алушы үшін 1 млн. (бір миллион) теңгеге дейін бірінші мөлшерде айқындалған.

Шымкент қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттары 2019 жылдан бастап беріле бастады. 2019 жылы 21 азаматқа 20,4 млн.теңгеге, 2020 жылы 101 азаматқа 100 млн. теңгеге тұрғын үй сертификаттары берілген. 2021 жылы 416 отбасыға 370 млн. теңгеге берілсе, 2022 жылы 500 азаматқа 1 млн теңгеге дейін қайтарымсыз негізде бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін әлеуметтік көмек қарастырылған.

Тұрғын үй сертификатына өтінім қабылдау 2022 жылдың 13 шілдесінен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызмет ретінде www.kezekte.kz интернет ресурсы арқылы автоматтандырылған және электронды түрде жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі таңда сертификатқа 39 өтінім қабылданып қаралуда. Оның ішінде:

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА 500 АЗАМАТҚА ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ БЕРІЛЕДІ

5 өтінім өтініш берушімен кері қайтарылып алынған.

12 өтінім - 8 265 378 теңгеге тұрғын үй сертификаттары мақұлданды.

22 өтінім қағида талаптарына сай келмеуіне байланысты, мақұлдандырылған бас тартылды. (Банктің мақұлдау туралы хаты жоқ, төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 көрсеткішінен асып кеткен, Банк есеп шоттары сәйкес келмейді).

Тұрғын үй сертификаты әлеуметтік көмек ретінде қайтарымсыз негізде өтініш берушіде және онымен үнемі бірге тұратын отбасының әрбір мүшесіне ағымдағы қаржы жылына заңнамада белгіленген айына ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 көрсеткішінен аспайтын (2022жылға-37 389 теңге) соңғы 6 (алты) ай ішінде орташа табысы (115 905 теңге) болған жағдайда беріледі (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды қоспағанда).

Тұрғын үй сертификатын алушылар санатына жататындар:

- мүгедек балалары бар немесе мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
- көпбалалы отбасылар;
- толық емес отбасылар.
- Шымкент қаласының мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласының мамандары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен мемлекеттік қыз-



метшілер.

Қажетті құжаттар тізімі:

- 1) нысан бойынша өтініш;
 - 2) өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжат;
 - 3) соңғы 6 ай ішіндегі еңбек және кәсіпкерлік қызметтен табысы туралы анықтама;
 - 4) жұмыс орнынан анықтама (халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының санаттарын қоспағанда);
 - 5) қарыз сомасы, бастапқы жарнаның мөлшері және ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша ай сайынғы төлемнің сомасы туралы мәліметтерді қамтитын, өтініш берушіге бастапқы тұрғын үй сатып алу үшін ипотекалық тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы банктің хаты.
- Құжат тапсырылатын орын: tinis.kezekte.kz интернет ресурсы арқылы қабылданады. Ол үшін әрбір азаматтың электронды цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы қажет.

Болат темұратов қоры 2014 жылдан бастап «Аутизм. Баршамызға бір әлем» бағдарламасын жүзеге асырады. Бұл бағдарлама мақсаты аутистік спектр бұзылысы бар балаларға көмек көрсетудің әлемдік тәжірибеден нәтиже берген тиімді әдістерін Қазақстанда зерттеуге және енгізуге бағытталған. Осы бағдарлама аясында «Асыл Мирас» аутизм орталықтары еліміздің 10-ға жуық қалаларында ашылған. Соның бірі Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен, ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін «№2 Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан 2019 жылы 5 шілде күні «Асыл Мирас» аутизм орталығы ашылды. Орталықтың негізгі міндеті аутизм спектрінің бұзылысы бар балаларды әлеуметтендіру, қарым-қатынас құрай білу, өмірлік дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Орталықта педагог-дефектолог және педагог-психолог мамандары жұмыс жасайды. Орталыққа қалалық Психологиялық медициналық педагогикалық кеңестен жолдама алып келген балаларды ғылыми дәлелденген бағдарламалар негізінде диагностикадан өткізіп, арнайы бағдарламаларға бағытталады. Бағыттау баланың дағдыларына байланысты бөлінеді.

Орталық 5 арнайы бағдарламалар негізінде қызмет көрсетеді:

1. “Ерте қолдау” бағдарламасы ата-

«АУТИЗМ - БАРШАМЫЗҒА БІР ӘЛЕМ»

ана мен 0-3 жас аралығындағы АСБ тәуекел тобындағы баланың өзара әрекеттесуін құру және баланың машықтарын дамыту.

2. “Оқыту дағдыларын дамыту” бағдарламасы 3 жастан 10 жасқа дейінгі баланың оқу дағдыларын дамытуға бағытталған.

3. “Әлеуметтік дағдыларды дамыту” 5-18 жас аралығындағы Аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту.

4. “мірлік дағдыларды дамыту” бағдарламасы 5-18 жастан бастап баланың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.

5. “JASPER сөйлеу дағдыларын дамыту” бағдарламасы 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалардың бірлескен назар, символикалық ойындар, бақылау және еліктеу әрекеттері негіздері арқылы сөйлеу тілі дағдыларын дамыту.

Орталық мамандары балаларға 3 ай көлемінде (36 сағат) тегін қызмет көр-



сетеді.

Психологиялық медициналық педагогикалық кеңестен өтіп, жолдама алып келген соң, баланы меңгерту дағдыларына қарай бағдарламаға жібереді. Оқыту мерзімі 36 сағатқа, аптасына 3 рет 1 сағаттан есептелген. Оқыту бағдарламаларынан бөлек, әр апта күндері ата-аналарға семинарлар мен вебинарлар өтіледі.

Мақаланы шығарудағы басты мақсат - орталықтың бар екендігі туралы мәліметтің аздығы. Көп ата-аналар орталыққа хабарласып, аутизм спектрі бар балалармен жұмыс жасайтын орталықтың ашылғандығы туралы ақпарат естімегендіктерін айтты. Сіз ата-ана өз балаңыздан аутизм спектрінің кейбір төмендегідей белгілерін байқасаңыз:

Балаңыз өз атымен шақырғанда, бірдеңе сұрағанда қарамай ма?

Шулы жерлерден және қарым-қатынастан қашады ма?

Бір дыбыстарды және сөздерді жиі қайталай ма? — осы юе—белгілерді байқасаңыз бірден ПМПК-мен байланысыңыз.

Әл-Фараби аудандық ПМПК байланыс нөмері: 8 (7252) 56 60 11

Мекен-жайы: Шымкент қаласы 41/8

Элек. почта: Ppkk-shim@mail.ru

Гульбахар АХМЕТОВА,

«№2 Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» мекемесінің әдіскері маманы.



АШЫҚ АЛАНДА АШЫҚ СҰҚБАТ

мәнін дұрыс анықтау, жастармен жүйелі кездесулер мен диалогтар арқылы мүмкін екені анық.

Осы мақсатта Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов бүгін Еңбекші ауданының жастарымен кездесті. Бұл кездесу әкімдік жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестің ұйымдастыруымен ашық алаңда еркін форматта өтті. Кездесу барысында Еңбекші ауданында жастар саясатын жүзеге асыру жайы баяндалды.

Қала әкімі жастар арасындағы өзекті мәселелер мен ұсыныстарды тыңда-

ды. Жастар - өз белсенділік көрсетіп, көптеген ұсыныстар мен пікірлерін білдірді.

М.Әйтенов мегаполистің дамуында жастардың үлесі, жауапкершілігі мен белсенділігінің аса маңыздылығын алға тартты. Олардың болашаққа нық сеніммен қарауы және жан-жақты жарасымды жетілуіне мән беріп таланты жастарға жағдай жасап, барлық оң бастамаларды қолдауға дайын екендігін жеткізді.

Кездесуге жиналғандар естелік суретке түсті.

Жастардың бүгінгі мәселесінің оң шешімі жарқын болашақтың кепілі екен-

дігі белгілі. Заман талабына сай өзгеріп отыратын бұл мәсе-

лелер ауқымды талдау мен жүйелі шешім жолдарын қажет етеді. Ал, мәселенің

САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ — ҰЛТ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

2022 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Балалар жылы деп жариялады. Осыған орай биыл балаларды қорғауға, сапалы біліммен қамтуға, мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайтуға, инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Балаларды қолдау бағытында үшінші мегаполисте өсіресе, биыл көптеген жұмыстар атқарылуда. Білім, денсаулық, мәдени-спорттық шаралар өскелең ұрпақтың болашағына айырықша әсер ететін жоспарлармен қамтылған. Әрбір сала бойынша нақты шаралар тізбесі бекітіліп, жүзеге асуда. Соның ішінде денсаулық сақтау саласына қатысты балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Дені сау бала» бағытында баланы дамыту үшін 39 кабинет жұмыс істейді. Себебі, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау — еліміздің әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі.

Бұл туралы бүгін №6 қалалық емханада өткен Ақпараттық-коммуникациялық орталықтың көшпелі брифингі барысында қалалық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы И.Глазбная мәлімдеді.

Мемлекет басшысы балаларды қолдау жылы «Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек - деген болатын. Үшінші мегаполисте жауапты мамандар Президент тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында баланың денсаулығына қатысты нақты шаралар қабылдап жүзеге асыруда. Бала біздің болашағымыз екенін ескерсек, олардың денсаулығы елдің ертеңінің дамуына ықпалы зор. Мемлекеттің байлығы халықтың денсаулығымен өлшенеді, дені сау ұрпақ өсіру біздің басты міндетіміз.

Тәжірибелі медицина қызметкерлері ерте жастағы балаларға проактивті скринингтер жүргізеді, ата-аналарды бала күтіміне, емшек сүтіне, қосымша тағамдарды енгізуге үйретеді. Жалпы балалардың, мүгедек балалардың және мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін 7 кейс бойынша жұмыс жасалуда. Бұл жобаға меншік нысанына қарамастан, қаланың барлық медициналық ұйымдары қатысып отыр.

Атап айтқанда, «Арман жолы» кейсінде 2022 жылдың 6 айында 3773 бала оңалтудан өтті, өткен 2021 жылдың 6 айымен салыстырғанда 29,7%-ға көп (2021ж.6 ай - 2908 бала). Оңалтудан өткен балалардың 1891-і



немесе 50,1% мүгедек балалар (2021ж. 6 ай - 920 бала, 31,6%).

«Оқушы денсаулығы» бойынша қала мектептерінде 140 медициналық пункт жұмыс істейді. Мектеп оқушыларының профилактикалық тексеруге жататын 225 737 баланың 146 729-ы, яғни 65% тексеруден өтті, жасына сәйкес иммундаумен 33% (жоспар 30-33,2%) қамтылған.

Қалада «Ерте анықтау-табыс кепілі» бағытында 1 жасқа дейінгі балаларды проактивті бақылаумен және скринингтермен (неонаталдық, аудиологиялық, офтальмологиялық, психофизикалық) қамту 2022 жылға жоспарланған 86%-н орнына нақты проактивті скринингтен 76039 жататын балалардың 64245-і өтті, бұл 84,5%-ды құрады.

Айта кету керек, ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап қалалық клиникалық балалар ауруханасында, №6 қалалық емханада, №2 оңалту орталығында, Шымкент қаласының басқа да медициналық ұйымдарында халықаралық балаларды қорғау күніне орай балалардың денсаулығы мәселелері бойынша «Ашық есік күні» ұйымдастырылып, БМСК ұйымдарында - 1062 анаға және 1106 балаға кеңес берілді.

Аталған іс-шаралар жыл соңына дейін жалғасын табатын болады.

Жалпы қала бойынша, балаларды оңалту мен скринингтік тексеру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мәселен, әрбір 0-17 жас аралығындағы балаларға жүйелі түрде профилактикалық тексеріп қараудың көлемі арнайы мамандардың зерттеулерінен өтеді. Орта және жоғары білімі бар мейіргерлер, педиатр, стоматолог, хирург, невропатолог, офтальмолог, эндокринолог, уролог, отолоринголог, отбасылық дәрігерлері медициналық қарап-тексеруден өткізуде.

Профилактикалық медициналық қарап-тексеру аяқталғаннан кейін бейінді мамандардың қорытындысы мен зертханалық-диагностикалық зерттеулерді ескере отырып, педиатр

дәрігер, терапевт дәрігер немесе ЖПД «денсаулық тобын» айқындай отырып, балалардың денсаулық жағдайына кешендік бағалау жүргізеді. Және денсаулық тобын көрсете отырып физикалық және нервтік-психикалық дамуын бағалаумен эпикриз бен қорытынды ресімделеді.

Сонымен қатар, аудиологиялық скрининг жаңа туған нәрестелердің, ерте жастағы балалардың есту қабілетінің бұзылуын уақтылы анықтау, ерте араласу, мүгедектікке өкелетін ауруларды оңалту және алдын алу үшін жүргізіледі.

Аудиологиялық скринингтің міндеттері:

- барлық жаңа туған нәрестелерді, ерте жастағы балаларды және 6 жастағы балаларды қоса алғанда қамту;

- одан әрі тексеру, уақтылы араласу және оңалту үшін есту қабілеті бұзылуының тәуекел топтарын ерте анықтау (жүргізілген аспаптық зерттеулердің нәтижелерімен "тпеген");

- есту қабілетінің бұзылуы (құлақ мүкістігі және керендік) қауіп бар балаларды одан әрі тереңдетіп тексеру үшін сурдологиялық кабинеттерге (орталықтарға, бөлімшелерге) жіберу;

- есту қабілеті бұзылған балаларды тереңдетілген педагогикалық тексеру және түзете-дамыта оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу; тексерілген пациенттерді есепке алу медициналық құжаттамаға (МАЖ) деректерді енгізу;

есту қабілеті бұзылған балаларды емдеу, түзету мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық көмек көрсету.

Аудиологиялық скринингті ұйымдастыру екі кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең-жаңа туған нәрестелерге меншік нысанына қарамастан босандыру ұйымдарында жүргізілетін неонаталдық аудиологиялық скрининг;

2) екінші кезең — аудиологиялық скрининг, ол 3 ай, 1 жыл, 2 жыл, 3 жыл, 6 жасты қоса алғанда меншік нысанына қарамастан МСАК медициналық ұйымдарының балаларды дамыту кабинеттерінде жүргізіледі.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру — ең басты міндетіміз.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЛА ҮШІН МАҢЫЗДЫ



Мегаполисінде биыл жол құрылысы қарқынды жүруде. Бүгінде қалада 100-ден аса нысанда жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда магистралды көшелер мен ішкі орам көшелерде орташа жөндеу жұмыстары 308 көшеге тиесілі. Биыл жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тарапынан 190 нысанда жол-құрылыс жұмыстарын жүргізуді жоспарлаған. Оның ішінде: Рысқұлов-Қонаев, Бөйдібек би — Аргынбеков көшелері бойынша 2 нысан жолаушылық құрылысы.

Қонаев 1, 2, 3, 5, 6 кезеңдері, Оңтүстік, Шығыс айналма жолы, Самал-1, 2, 3, тегенов көшесінің 1, 2 кезеңі 13 нысанда жаңа жолдардың құрылысы жүргізілмек. 5 нысанда қайта құру жұмыстары А-2 2, 4, 7, 8 кезеңі, Адырбеков көшесі. Тағы да Ақжайық, Қайтпас, Тассай «Өлемтрансжол» шағын аудандарын және Қошқар-ата өзені арқылы өтетін 2 көпірді күрделі жөндеу жүргізілуде.

Биыл жылдар бойы кезегін күткен ауқымды жобалар атқарылуда. Ірі нысандар бойынша Қонаев даңғылы 3 кезеңі, Қонаев-Рысқұлов жолаушылығының құрылыс және Самал-1,2,3 шағын аудандардағы жол құрылыс жұмыстарды аяқтау жоспарланған. Күрделі жөндеуден 3 нысанның құрылысы да осы жылы аяқталады деп жоспарлануда.

2022 жылы Орташа жөндеу жұмыстары бойынша, бүгінгі таңда ұзындығы 155 шақырымды құрайтын 80 нысанда жол құрылысы аяқталды. Қалған 72 нысанды ағымдағы жылдың тамыз айының соңына дейін толық көлемде аяқтау жоспарлануда. Оның ішінде магистралды (Республика, Рысқұлов, Иляев, Төшенов, Ақназар хан, Цеткин, Жолан батыр, Мангелдин, Тоқаев) көшелері бар.

Жалпы жолдың маңыздылығы - халық қажеттілігі мен инфрақұрылымды дамыту, сыртқы байланыстарды нығайту.

ЗАМАНАУИ СПОРТТЫҚ НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРУДЕ

Түркістан қаласында заманауи үлгідегі спорт нысандары салынып жатыр. Олардың құрылысы облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің тікелей бақылауында.

Бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын дамыту бағытында облыс басшысының бастамасымен бірнеше жаңа спорт орталықтары бой көтерген.

Спорт саласына үлкен көңіл бөлетін облыс әкімі қаладағы жаңа спорт нысандарындың құрылысы алаңдарын аралады. Жауапты сала басшыларымен кездесіп, жұмыстың сапасына баса назар аударуды тапсырды.

Түркістанда салынып жатқан барлық гимараттар қаланың көркі ғана емес, тарихи келбеті мен болмысын сақтай отырып, заманауи архитектураның озық жетістіктерін пайдалануда. Ғалымдар мен кәсіби мамандардың пікірі ескеріліп, тарихи келбетін жоғалтпауға басымдық берілуде.

Спорт — адам өмірінің ажырамас бөлшегі екенін жиі айтатын өңір басшысының тапсырмасымен Түркістанда «Мұз сарайының» құрылысы жүріп жатыр. Әлемдік стандарттарға сай мұз айдыны 1200 адамға есептелген. Жаңа нысан жыл соңында ашылады.

Түркістан қаласында сондай-ақ «Теннис орталығы»,



Олимпиадалық резерв мектебінің өкімшілік гимараты мен жатақханасы, Б.Сағтарханов спорт кешені, «Ат спорты кешені» секілді жаңа спорт нысандары ашылады.

35 гектар жерде орналасқан ат спорты кешенінде поло-клуб, манеж, стендтік атысқа арналған алаңқай, садақ атуға арналған алаң, канал арқылы өтетін көпір мен атпен серуендеу аймағы болады.

20 гектар жерде орналасқан «TURAN» футбол академиясының құрылысы қарқынды. Мұнда спортшыларға Еуропа-ның үздік клубтарындағыдай жағдай жасалмақ. Жаңа кешенде үлкен және шағын 10 футбол алаңы болады. Сондай-ақ нысанда допинг-бақылау кабинеттері, 300 орынды қонақүй, спортшыларға арналған монша, 3 мейрамхана, мәжіліс залдары бар. Сауықтыру орнында медициналық, массаж кабинеттері мен жеке

блоктар бар.

Елімізде теңдесі жоқ ескек есу каналына да су келді. Облыс орталығындағы спорт кешенінің құрылысы халықаралық талаптарға сай жүргізілуде. Жалпы ауданы 100 гектарға жуық алаңда орналасқан су спорты кешенінде ұзындығы 2,5 шақырымға созылатын су арнасы салынды. Әмбебап оқу жаттығу базасында жоғары деңгейдегі жарыстар өткізілмек. Құрылыстың екінші кезеңінде мұнда олимпиадалық стандартқа сай орталықта қонақүйлер, бассейн, эллинг, каноэге арналған пирстер, көрермендерге арналған жай, көпірлер салынады. Спорт кешенінде сапбординг, су шаңғысы, флайбординг, вейксерфинг, канополо, драгонбот және жағажай ойындар футболы, волейбол, гандбол, регби секілді су және жағажай спортының танымал түрлерінен сайыстар өтеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ҮЙ АЛУ ЖОЛДАРЫ АРТТЫ

Жыл басынан бері өңірде 400-ден астам отбасы баспана-лы болды. Өткен жылдың қорытындысымен Түркістан облысы бойынша 1670 отбасы жаңа пәтерде қоныс тойын тойлады. Өңірде тұрғын үй мәселелерін, оның ішінде алғаш рет жүзеге асып жатқан жалдау ақысын субсидиялау тетіктері туралы облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен апталық жиналыста талқыланды. Атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысқан облыс басшысы бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтіп, бақылауға алуды тапсырды.

Түркістан облысы бойынша соңғы мәлімет бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте 50 мыңға жуық отбасы тұр. Түркістан қаласында «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2021 жылдың қорытындысымен, конкурс

нәтижесі бойынша 500-ге жуық отбасы тұрғын үй сатып алды. Биыл 200-ден астам пәтердің конкурсы жарияланып, конкурстық процедуралар жүрді.

Ал, «Отбасы банк» АҚ арқылы 2021-2022 жылдар аралығында 1 мыңнан астам пәтер сатылымға шыққан.

Облыста тұрғын үйді жалдау ақысын субсидиялау алғаш рет жүргізілуде. Осы жылы облыстық бюджеттен 500 млн теңге қаралып, бүгінгі таңға «Отбасы банк» АҚ бірге келісім-шарт түзілді. «Отбасы банкпен» 3635 өтініш қабылданып, тең жартысы мақұлданды. Қалған өтінішітер бойынша жұмыстар жалғасуда. Облыстық бюджеттен тұрғын үй жалдау ақысын субсидиялауға 1493 азаматтарға 25 млн теңге қаржы қаралды. Бағдарлама бойынша жеке баспанаға қол жеткізетін азаматтар саны артпақ.

ТЕМІРБЕТОН ӨНІМДЕРІН ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістанның іргесінде құрылыс материалдарын дайындайтын зауыт іске қосылды. Жаңа кәсіпорын темірбетон өнімдерін шығарады. Құрылысы қарқынды өңір үшін жаңа зауытта жаңа технология қолданылады.

Нарықты өнімге деген сұраныс өте жоғары.

Зауыттың жобалық құны 1 млрд. теңгеден асады. Оның тең жартысы инвестордың өз қаржысы есебінен, қалғаны жеңілдетілген несиеленіп жүзеге асқан. Жаңа жұмыс орнында 20-ға жуық азамат тұрақты жұмыспен қамтылды. Жобаның келесі кезеңінде ма-

мандар саны тағы артпақ. Ол кезде шығарылатын өнім түрлері 10-ға дейін көбейеді.

Түркістан облысының индустриалдық аймақтарында жалпы құны 32 млрд. теңге құрайтын, 44 жоба іске қосылып, нәтижесінде 2 368 жұмыс орны ашылды. Биыл құны 4,2 млрд. теңгені құрайтын 246 жаңа жұмыс орнын ашумен 6 жобаны іске қосу жоспарлануда. Қазіргі таңда 793 млн. теңгеге 2 жоба іске қосылып, 36 жұмыс орны құрылды.

Жалпы өнеркәсіп өнім көлемі 2022 жылдың қорытындысымен 751,3 млрд. теңгеге жеткізу жоспарлануда.

КЕНТАУДА КӨШПЕЛІ СЕМИНАР ӨТТІ



Кентау қаласына қарасты Қотырбұлақ елді мекенінде «Байсал Керім» демалыс орнында Кентау қаласының ішкі туризм саласын дамыту бойынша көшпелі семинар өткізілді. Семинарда Кентау қаласының туризм бағытын дамыту бойынша жан-жақты ақпараттар берілді. Алғы сөзді қала әкімі Рашид Аюпов бастап ашып берді. Қала басшысы Кентау туризмді дамытуға потенциалы мол өңір екенін атап өтті.

«Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» РММ директоры А.Ниязов қорықтың туристік бағыттағы дамуы жайында баяндама жасады. «Кентау қалалық музейі» МКҚК директоры Ж.Жиренбаев Қазақстанда кен орындарына арналған музей екеуі ғана болса, соның біреуі Кентау қалалық музейі екенін атап өтті. Музейдің бұ-

гінгі таңдағы тынысы жайында мәлімет берді.

Түркістан облысы туризм басқармасының туристік қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу және қолдау бөлімінің басшысы Д.Асанхан «Туризм саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары» тақырыбы бойынша баяндады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ өкілі Н.Азизов туризм бағытына берілетін несиелер мен субсидиялар бойынша мәлімет берді. Түркістан облысы туризм басқармасының басшысы Г.Ахбердиева «Түркістан облысының туризм саласының жағдайы» тақырыбында баяндама жасады, «Open Turkistan» ЖШС бас директоры А.Абдримова Түркістан облысының туризм саласының басым бағыттарына тоқталды. Ал Кентау қаласы әкімдігі аппара-

тының ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің басшысы С.Нарбек Airbnb бағдарламасын қолдану жағдайы бойынша ақпарат беріп өтті.

Жиында туризм саласына қызығушылығы бар кәсіпкерлер тарапынан сұрақтар қойылып қажетті жауаптар берілді. Жиын соңында аталмыш демалыс аймағының басшысы Керімжан Сырлыбаев пен «Nad Al Shiba Investment» компаниясының өкілі, яғни инвестор арасында меморандумға қол қойды. Болашақта біршама адамды жұмыспен қамтитын демалыс аймағында 50 адамдық қонақүйі бой көтеріп, шомылу аймағы және атпен серуендеу секілді шаралар жүзеге асырылады деп күтілуде.

Жалпы, Кентау қаласы-Қаратаудың етегінде орналасқан табиғаты ерекше қала. Мұнда туристік бағытты дамытамын дейтін кез-келген жанға мүмкіншіліктер көп. Жері қолайлы өңір.

Кентау қаласы бойынша туристік нысандары: «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі, қалалық музейі, Қарнақ ауылындағы Шаммат Ишан мешіті, 1000 жылдық тарихы бар Тұт ағашы. Қала әкімдігі туризм саласындағы өміршең және ерекше жобаларды жүзеге асыруға ниетті инвесторлармен өріптестік орнатуға өзір.

Бетті жинақтаған: Жомарт БЕГІМБЕТ.

МӘМС ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР 1 МЛН 640 МЫҢНАН АСТЫ



Жалпы, облыс бойынша МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған жалдамалы жұмысшылардың үлесі — 6%, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтіндер — 11% және жеке кәсіпкерлер — 1,8%-ды құрайды.

Атап өтетін жайт, жұмыс беруші мекеме - қызметкерлер үшін жауапты болып табылады. Соның ішінде МӘМС жарналары мен аударымдарын уақтылы төлеуі тиіс. Сақтандырылмағандардың арасында — мұғалімдер, тәрбиешілер, жеке сот орындаушылар, жеке кәсіпкерлер және олардың қызметкерлері кездеседі. Сондықтан әр адам өзінің сақтандыру мәртебесін тексеріп, төлемдердің болуын нақтылауы тиіс. Ол үшін «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасын жүктеу немесе Telegram-дағы «Saqtandyry-bot» арқылы тексеруге, ал төлемдердің сомалары мен кезеңдерін egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы анықтауға болады.

Түркістан облысында МӘМС жүйесіне тұрғындардың қатысуы біршама артты. Бұл жөнінде «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының директоры Асхат Бейсенбаев мәлімдейді.

2022-2024 жылдарға арналған тұрғындардың денсаулығы жағдайын жақсарту жөніндегі Меморандумға сәйкес, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі сақтандырылған азаматтардың үлесін 2022 жылға 84% жеткізу жоспарланған. Жыл басынан бері сақтандырылғандардың үлесі — 1 640 334 адамды құрады. МӘМС шеңберінде облыстың 300 мыңнан астам тұрғыны медициналық қызметтерді алудан қағылып отыр.

Түркі өлемінің рухани астанасы - Түркістан шаһарына «Еуропа-Азия» халықаралық бейбітшілік және келісім шеруі ат басын бұрды. Үш елдің, яғни Қазақстан, Қырғызстан және Ресейдің 16 қаласын аралауға ниетті жандар көне шаһардың көрікті жерлерін аралап, өлкеміздің тарихымен танысты.

Алдымен түрлі этнос өкілдерінен жиналған 30-ға жуық марш қатысушысы Түркістандағы Қ. А. Ясауи маңындағы саябақта көк туды көкте желбіретіп, салтанатты түрде жүріп өтті. Бұдан соң ашық аспан астында арнайы ұйымдастырылған мерекелік іс-шараны тамашалады.

Татулық пен бірлікті дәріптеген жиынға Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Күзембаев, Түркістан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы құрылымдармен жұмыс жүргізу бөлімінің басшысы Бақытжан Әшірбаев, сондай-ақ өңірдегі этномәдени бірлестік өкілдері қатысты.

Шеру қатысушысы Динара Әкімбаева мұндай марш болатынын ести сала қолдап шыққанын айтады. Ақжаулықты ана өз балаларының, жақын-

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ ШЕРУІ КЕЛДІ



дарының бейбіт аспан астында өмір сүргенін қалайды.

— Бұл халықаралық шерушілденің 1-інде Елордадан басталған болатын. Басты мақсат - этносаралық және конфессияаралық келісім мен татулықты насихаттау. Дінге, ұлтқа бөлінбей, халықты бірлік пен ынтымаққа, келісімге шақыруды басты мақсат етеді. Бұған дейін халықаралық марш Алматы, Қарағанды, Нұр-Сұлтан, Бішкек, Тараз қалалары арқылы жүріп өтті.

Жаңарған Түркістан шаһары біздің осы шерудегі аралап келе жатқан 7-ші қаламыз екен. Шараға қолдау білдірген барша азаматтарға алығсымыз шексіз. Енді Түркістанда біраз аялдап, ары қарай Қызылорда қаласына аттанамыз, - дейді ол.

Айта кету керек, халықаралық шерудің бірінші кезеңі 4 тамызға дейін жалғасады. Ал екінші кезеңі Еуропа, Азия елдерінің 18 мемлекетін қамтитын болады.

50 МЫҢҒА ЖУЫҚ ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ



Түркістанда 4,8 млн. шаршы метр тұрғын үй салынып, 46 мың пәтер пайдалануға беру жоспарлануда. Құрылыс сапасы қатаң бақылауда. Түркістан облысының әкімі мірзақ Шөкеев қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің құрылыс аландарында болды. Тұрғын үй кешені мен әкімшілік ғимараттар бірге орналасқан 20 қабатты екі тұрғын үй құрылысының жұмыс барысымен танысты.

Каскадты өру үлгісінде салынған көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы қарқынды. Құрылысшылармен кездескен облыс басшысы құрылыс барысына оң бағасын берді.

Облыс бойынша жыл басынан пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 191,5 мың шаршы метрді құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңіне 17,7%-ға артты.

Облыста тұрғын үйді пайдалануға тапсыру жоспары 855 мың шаршы метр болып белгіленді.

Облыс құрылғаннан бері құрылыс саласы едәуір дамып, оның көлемі өткен жылдың қорытындысымен 2,3 есеге артып, 322,9 млрд. теңгеге жетіп отыр. Биыл құрылыс үйдің жалдау ақысының 50 пайызы субсидиялауға жатады. Қалған жалдау ақысының 50 пайызы жалға алушының атына ашылған «Отбасы банк» АҚ - ның есепшотында болуы міндетті.

Бүгінгі таңға, Түркістан облысында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға, мұқтаж азаматтар кезегінде 49 831 отбасы тіркелген. 2021 жылдың қорытындысымен облыс бойынша 1670 отбасы, ал ағымдағы жылдың 6 ай қорытындысымен 411 отбасы баспаналы болды.

Тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында, Мемлекет бас-

шысының тапсырмасымен жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер тағайындау тегігі немесе тұрғын үйді жалдау ақысын субсидиялау бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарламаның талаптарына сәйкес, тұрғын үйдің жалдау ақысының 50 пайызы субсидиялауға жатады. Қалған жалдау ақысының 50 пайызы жалға алушының атына ашылған «Отбасы банк» АҚ - ның есепшотында болуы міндетті.

Облыста тұрғын үйді жалдау ақысын субсидиялау алғаш рет жүргізілуде. Бағдарлама «Отбасы банк» АҚ арқылы іске асырылуда. Ағымдағы жылы облыстық бюджеттен 500 млн. теңге қаралып, бүгінгі таңға «Отбасы банк» АҚ бірге келісім-шарт түзілді.

Бетті жинақтап, дайындаған: Арайлым ӘБСАПАТ.

«Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы арқылы жыл басынан бері Түркістан облысының кәсіпкерлері 274 жобаға 9,6 млрд теңге көлемінде несие алды. Өңір кәсіпкерлеріне көрсетіліп жатқан қолдау көп. Соған қол жеткізу жолдарын түсіндіру үшін облыстың қала, аудандарында семинар-кеңестер өткізілуде. Бұл туралы халықпен кездесу барысында Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев тапсырма берген болатын. Жеке кәсіпкерлерге арналған несие бағдарламалары арқылы, яғни жеңілдетілген несие беру арқылы өңірде жаңа жұмыс орындары ашылуда.

Кәсіпкерлерді қолдауға қатысты мемлекеттік бағдарламалар өңірде

НЕСИЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛУДЕ

сәтті орындалуда. Кәсіпкерлер үшін толық қолжетімді. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Түркістан облысы көш бастап тұр. «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасын жүзеге асыруда облыс алғашқы үштіктен орын алады.

Түркістан облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы Н.Н.Иманқұловтың ұйытқы болуымен өткен басқосу барысында «DAMU» АҚ-ның ТО бойынша өкілі Н.Азизовтың және «Haluk Bank» АҚ-ның ТО бойынша басшысының орынбасары А.Келдібаевтың қаты-

суларында кәсіпкерлік тақырыбында түйткілді мәселелері талқыланды.

Кәсіпкерлерге 6% бен жеңілдетілген несие беру бағдарламалары, «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламаларының қаржыландыру шарттары туралы да толық ақпарат берілді. Жолдары көрсетілді.

Жеңілдетілген несие кәсіп ашуға, кәсіпкерлікті дамытуға беріледі. Оны алу, құжаттарды дайындау үшін «Түркістан» Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» мекемесі ақысыз негізде толық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізеді.

ЖАҢА КӨПІР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауыл округі Өндіріс елді мекенінде жаңа көпір пайдалануға берілді.

Көпірдің ашылу рәсіміне аудан әкімі А.Абдуллаев, мәслихат хатшысы Ө.Көпеев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Омаров, Социалистік Еңбек Ері Т.Агабеков және ауыл тұрғындары қатысты.

Өндіріс елді мекені тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Өйткені, Тастақсай өзенінен өтетін көпір Кеңес одағы кезінде асарлатып салынған болатын. Әр жылы көктемгі және күзгі су тасқындары салдарынан көпір бұзылып, тұрғындар мен әскери застава қызметкерлері қатты қиналатын. Жаңа көпірдің құрылысына облыстық бюджеттен 178 млн. теңге қаралып, құрылыс жұмыстары 2021 жылдың желтоқсан айында басталып, мердігер



«ТС-Таукент» ЖШС өз мерзімінде және сапалы аяқтады. Көпірдің ұзындығы – 92 метр, ал ені – 10,40 метр. Өндіріс елді мекен тұрғындары көптен күткен қуаныштарын бөлісіп, өз ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар бүгін аудан әкімі Тұрбат елді мекенін сапалы электр жарығымен қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарын бақылады.

